

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы « 19 » шілдедегі
№ 801 қаулысымен
бекітілген

**Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік
өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде
өрттерді сөндіру қағидалары**

1. Осы Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіру қағидалары дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттердің алдын алу және сөндіру жұмыстарын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіруді тиісті аумақтағы жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

3. Өрттерді байқаған кезде жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік өртке қарсы қызметке хабарлайды және өрттерді сөндіруге өртке қарсы ерікті құралымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрт сөндіру бекеттерін құру, оларды материалдық-техникалық жарақтандыру қағидаларына сәйкес құрылған өрт сөндіру бекеттерінің күштері мен құралдарын тартуды ұйымдастырады.

4. Ерікті өрт сөндірушілерді жинау тәртібі мен оларды өрт орнына жеткізу тәсілін азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша өртке қарсы ерікті құралымның басшысы айқындайды.

5. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің күштері мен құралдары келгенге дейін жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақта:

1) өрттер туралы барлық келіп түсетін ақпаратты жедел тексеруді және жинауды қамтамасыз етеді;

2) шыққан өрттер, олардың ықтимал таралуы туралы халықты уақтылы хабардар етуді, сондай-ақ олардың салдарын шектеу жөнінде қажетті шаралар қабылдауды жүзеге асырады;

3) өрт орнындағы жағдайдың барлық өзгерістері туралы жақын орналасқан мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерін уақтылы жедел хабардар етуді қамтамасыз етеді;

4) өрттерді сөндіру бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері өртке келгенде өрт сөндіруге басшылық ету өртке қарсы қызмет гарнизонының аға лауазымды адамына жүктеледі.

7. Өрттерді сөндіру кезінде жергілікті атқарушы органдар тартылатын күштер мен құралдарды меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жанар-жағармай материалдарымен, тамақ өнімдерімен және медициналық көмекпен қамтамасыз етеді.

8. Өрттердің алдын алуда және жоюда келісілген іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарларын, сондай-ақ тиісті аумақтарда дала өрттері туындаған жағдайда жер пайдаланушылармен бірлескен іс-қимыл жасау жоспарларын әзірлейді және бекітеді.
